



## ЖЕНІС КҮНГІ ЖЕНІС



Қанат Ислам қарсыласын 6-раундта нокаутқа жіберді Кеше, 9 мамыр күні таңертең АҚШ-тың Флорида штатындағы Лейкленд қаласында жерлесіміз Қанат Ислам колумбиялық қарсыласы Хуан Де Анхельді 6-раундта техникалық нокаутпен жеңді. Сөйтіп, 21 ұрысының бәрін жеңіспен аяқтауға қол жеткізді. Ол осымен өзінің 18-ші шайқасын мерзімінен бұрын бітіріп отыр. Қазақстандық спортсүйер қауым жерлестерінің бұл жекпе-жегін көптен асыға күтті. Мұның жөні бар. Қесіпқойлар рингіне аудиқанына 3,5 жылдай уақыт болған Қанат әлі элиталы топқа жақындей алмай келе жатыр еді. Ал Premier Boxing Champions бокс шоуы шеңберінде ұйымдастырылған бұл айқас соған қарай нақты қадам бастырды. Осы жолы Қанаттың қесіпқойлар тобындағы шайқасы «Қазақстан» телеарнасының тікелей эфирінен бірінші рет көрсетілді. Жекпе-жек алдында мақсаты өзінің жанкүйерлерін қуандыру болғанын жеткізген біздің боксшы салғаннан сол межеге жету үшін барын салды. Бірақ бұл бірден оңай бола кеткен жоқ. Бұған, шамасы, қарсыласының салмағы ауырлау, денесі де үлкен және қолдары ұзын болғаны айтартықтай әсер еткен сияқты. Безбен ұрыс қарсаңындағы ресми өлшеу үдерісінде қазақстандық спортшының салмағы 152,8 фунт болса, қарсыласының 154,2 фунт тартатынын көрсетіп берді. Мұның үстіне, 28 жасар Хуанның қесіпқойлар шаршы алаңы төсіндегі тәжірибесі 31-дегі Қанаттың тергендерінен төмен болмай шықты. Колумбиялық былғары қолғап шебері қазірге дейін 22 рет қарсыластарымен қолғап түйістіріп, солардың 18-інде мерейін үstem еткен екен. Бұдан бөлек, 3 кездесуді тең аяқтап, 1 ойында жеңіліске ұшыраған. Ал нокауттары санын 17-ден қайырыпты. Демек, 1 ұрысты ғана ұпай санымен үтқан. Осының өзі оның жойқын күштің иесі екенін білдіреді. Қанат Ислам 2010 жылы өзінің ата-бабалары мекені – Қазақстан жеріне тұрақты қоныс тебу үшін келеді. 2011 жылдың қантарында еліміздің азаматы болады. Ал 2012 жылғы қыркүйектен қесіпқойлар рингінде шайқаса бастады. Ондағы бірінші шайқасын 28 қыркүйекте өткізді. Сол жылғы 19 желтоқсанда WBA Fedecaribe нұсқасы бойынша бірінші орта салмақта алғашқы атағына қол жеткізді. Тағы бір айта кететін жайт, Қанат

кәсіпқойлар рингіне қадам басқалы «Қазак» деген лақап атпен шайқастарға шығады. Және оның құжаттағы аты-жөні де Қанат Ислам емес, Қанат Исламұлы. Ол дәл қазіргі таңда BoxRec рейтингіндегі 74 ұпаймен 79-шы позицияда тұр. Бұл біздің боксшымыздың жоғары өрлей түсү үшін әлі талай тер төгүі керек екенін, сол арқылы бедел-денгейлері жоғары шеберлермен көбірек шайқасуы тиіс екенін көрсетеді. Осы жылдардың бәрінде оған Бауыржан Оспанов есімді қазақстандық кәсіпкер ұдайы демеушілік жасап келеді. Боксшы көптен бері АҚШ-тың Нью-Йорк қаласында тұрып, жатығып жүр. Енді Қанат Ислам мен Хуан Де Анхель арасындағы жекпе-жек жайына келейік. Шайқас алғашқы секундтардан біздің жерлесіміздің шабуылмен басталды. Ол бірден өршелене алға ұмтылды. Қолдары ұзын, тұлғасы зор қарсыласын өзіне бағындырудың, ырқына қөндірудің, сөйтіп, тура соққылар жасай алудың бірден-бір жолы да осы еді. Алайда, Анхель жағдайың үлгіші өрбүйн алдын ала құткен сияқты. Ол Қанаттың екпінін баса отырып, өзі де бірнеше жақсы соққы жасап үлгерді. Бұл кезде біздің боксшының ұтып шығатынына аса бір күшті сенім болған жоқ. Екінші раундта осы ізben кетті. Тағы да Қанат бірінші нөмірмен ойнаса, Хуан қарсы шабуылды көбірек діттеді. Ал үшінші кезеңде қазақ боксшысының қарқыны сәл бәсендеп кетті. Әйткенмен, бірнеше соққысы қарсыласына дөп тиіп, оны аздалаң тенселдіріп жібергендей болды. Келесі раундта Қанат жаттықтырушысының нұсқауымен белсенділігін бұрынғыдан да төмендетіп алды. Бірақ раунд сонында кенет жылдам айналымға түскен оның қуатты қарқыны колумбиялықты қатты састьырды. Оны сұрапыл соққылардан тек гонг даусы ғана аман алғып қалды. Бесінші раундта Қанаттың басымдылығымен өтті. Ал алтыншы раунд бәрінің нұктесін қойып берді. Қанаттың бір жойқын соққысы кенет арбиған колумбиялықты жалпасынан түсірді. Одан ес жиып, енді ортаға келе бергенінде тағы бір соққы жерге отырғызып таstadtы. Содан Хуан есін дұрыс жия алмады. Мұны байқаған арбитр бірден жекпе-жекті тоқтатты. Бір айта кететін жайт, Қанат Ислам өзі үтқан 15 ұрысты алғашқы үш раундта бітірсе, соның 7-еуіне бірінші раундта қол жеткізген еді. Сөз орайы келгенде, тағы бір жаңалықтың жайын айтып өтпекпіз. Мамырдың 8-і күні АҚШ-тың Лас-Вегас қаласында 72, 6 кг салмақтағы мексикалық Сауль Альварес британиялық Амир Ханды 6-раундта нокаутпен ұтып, өзінің Бүкіләлемдік бокс кеңесінің (WBC) нұсқасы бойынша әлем чемпионы атағын қорғап қалды. Осыдан кейін оның өкілі Де Ла Хойя Геннадий Головкиннің промоутері Том Леффлерге шығып, жақын арада өз шәкірттерінің бір-бірімен қолғап түйістіру мүмкіндіктері туралы сөз қозғады. Тараптар шайқастың дәлме-дәл уақыты жөнінде алдағы күндерде келісімге келуге ұйғарым жасасты. Серік ПІРНАЗАР, «Егемен Қазақстан»